



АЛДАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№41 (155) 25 қыркүйек 2026 жыл

Өңірлердегі кездесу



Бұл орайда «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайынов Қазақстанның өңірлерін аралап, аға ұрпақ өкілдерінің жай-күйімен танысуда. Атап айтқанда, Әбілғазы Қалиақпарұлы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында облыс әкімі Нариман Төреғалиевпен кездесіп, ардагерлердің өңірдегі жасап жатқан жұмыстарын талқылады.

Облыс ардагерлерімен кездесу жиыны облыстық филармонияның мәжіліс залында жалғасты. Кездесуді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Максот Берген кіріспе сөзбен ашты. Кездесу барысында ардагерлер тарапынан қойылған сауалдарға Әбілғазы Қалиақпарұлы нақты түрде жауаптарын берді.

Кездесу соңында облыстың «Ағалар әуені», Әжелер тобы, облыстың өнер саңлақтары ардагерлерге әннен шашу шашты.

Бұдан кейін Республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайыновтың өңірдегі жұмыс сапары Қазталов, Бөкей Орда, Жәнібек аудандарында жалғасты.

Әбілғазы Құсайыновты Жәнібек ауылында аудан әкімі Тимур Шиниязов және аудандық филиал төрағасы Амангелді Уәлиев қарсы алып, ардагерлер үйінде жергілікті аға ұрпақ өкілдерімен жүздестіріп, ұйымның тыныс-тіршілігімен таныстырды. Кездесу барысында ардагерлер ұйымының қоғамдағы орны мен атқарып отырған жұмысы, аға буынның қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуы, жастарды отансүйіштікке тәрбиелеу, кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар берудегі рөлі кеңінен сөз болды. Аудан әкімі өз сөзінде ардагерлердің ел ішіндегі татулық пен бірлікті сақтауға, ұлттық рухты көтеруге, салт-дәстүр мен тарихи құндылықтарды кейінгі ұрпаққа насихаттауға қосып жүрген үлесі зор екенін атап өтті.

– Ардагерлер – елдің өткенін бүгінмен жалғап тұрған алтын көпір. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз жас ұрпақ үшін қашан да құнды. Ауданымызда ардагерлердің белсенді қоғамдық өмірге араласуына, олардың бастамаларын қолдауға ерекше мән береміз, – деді аудан басшысы.

Кездесуде үкіметтік емес ұйымдармен

Кешегі мен бүгінгіні жалғаған рухани көпір

Елдің өткені мен бүгінін жалғап отырған рухани көпірдің бірі-адагерлер. Өмірдің талай белесін көрген, елдік кезеңдердің куәсі болған аға буынның тәжірибесі қоғамдық тұрақтылықты сақтауда, ұлттық құндылықтарды ұлықтауда және жас ұрпаққа бағыт беруде айрықша маңызға ие. Осыны негізге алған «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі де аға буынның әлеуетін қоғамдық игілікке бағыттауды басты міндеттерінің бірі санайды.

өзара ықпалдастықты арттыру, ардагерлер қозғалысының жұмысын жандандыру, өңірлердегі қоғамдық бастамаларды қолдау және аға буынның әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері де талқыланды.

Өз кезегінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Қалиақпарұлы аудан басшылығына көрсетілген құрмет пен жылы қабылдау үшін ризашылығын білдірді. Аға буын өкілдерімен еркін пікір алмасып, ардагерлер қозғалысының алдағы міндеттеріне қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайыновтың Батыс Қазақстан облысындағы сапары Бөкей

дан басшылығымен кездесті.

Басқосуда ардагерлер ұйымының қоғамдағы рөлі, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құндылықтарды сақтау және мемлекеттік саясатты қолдау мәселелері кеңінен сөз болды. Әбілғазы Қалиақпарұлы ардагерлердің қоғамдық белсенділігін арттырудың маңызын айта келіп, аға буынның мемлекет басшысына және елде жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа қолдау көрсетіп, халықты бірлік пен ынтымаққа шақырудағы жауапкершілігіне тоқталды.

Аудан әкімі Асланбек Сарқұлов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жүсіп Шақуов Әбілғазы Қалиақпарұлына маңызды кездесу өткізгені үшін алғыс айтып, қошамет көрсетті.



Орда ауданында жалғасын тапты. Мұнда Әбілғазы Қалиақпарұлы аудан әкімі Нұрлыбек Даумов және ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілеген Арыстанбеков бастаған ауылдың белсенділерімен кездесті.

Кездесуден кейін Жәңгір ханның басына зиярат етіп, Хан ордасы музей-қорығын тамашалап, өлке тарихымен танысты.

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданына арнайы сапармен барған «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайынов ардагерлермен, ау-

Ардагерлердің елдік ұстанымы олардың өткендегі еңбегімен ғана өлшенбейді. Бүгінгі қоғамдық тұрақтылыққа үн қосып, мемлекеттік саясатты қолдауы, жастар тәрбиесіне араласуы, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі де-азаматтық қызметтің жалғасы. Бұл ретте ардагерлер ұйымының тәжірибесі де көпке үлгі. Өйткені мұнда ардагерлерге құрмет көрсету мен оның қоғамдық белсенділігін ұштастыруға басымдық берілген.

Миргүл
БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ

«АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы

Қазақ қоғамында ана қашан да отбасының ұйытқысы, ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы, ел бірлігінің берік негізі саналған. «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» деген халқымыздың даналық сөзі де тәрбиенің бастауы отбасынан қалыптасатынын айғақтайды. Бүгінгі күрделі кезеңде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасылық тәрбие мен қоғамдық келісімді нығайту ісінде аналардың жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсуде.

Осы бағытта облыстық Аналар кеңесінің атқарып келе жатқан жұмысының маңызы зор. Кеңес мүшелері отбасы құндылықтарын насихаттап, жас ұрпақтың тәрбиесіне үлес қосып, әйел-аналардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі бастамаларды жүзеге асырып келеді. Ел болашағының іргетасы саналатын отбасы институтын нығайту жолындағы бұл жұмыстардың тәрбиелік әрі қоғамдық мәні ерекше.

Бүгінгі шағын баяндамада Алматы облысындағы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің құрылуы, негізгі мақсаттары, атқарылып жатқан жұмыстары және аудан-қалалардағы тағылымды бастамаларына тоқталып келеді.

2024 жылдың қазан айында облыстық ардагерлер ұйымының жанынан «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін ұйымдастыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізіліп, қала және аудандарда бір-

лестік тәрайымдары сайланған болатын.

Қазіргі таңда облыс көлемінде 2 қала мен 9 аудан бойынша 11 «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері жұмыс атқарып келеді.

Олардың басты мақсаты – ана мәртебесін көтеру, отбасы құндылықтарын дәріптеу, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңғырту, жастар тәрбиесіне аға буынның тәжірибесін пайдалану және ұрпақтар арасындағы рухани

байланысты нығайту.

Әр бірлестік тәрайымының артында ақылын айтып, батасын беретін аналарымыз, әжелеріміз, ардагерлеріміз бар. Әр аудан мен қалада ұлттық тәрбиені насихаттауға, отбасылық құндылықтарды сақтауға, жастармен жұмыс жүргізуге атсалысып жүрген белсенді азаматтарымыз бар.

Олар аудандық, қалалық және ауылдық ардагерлер кеңестерімен, мектептермен, колледждермен, мәдениет үйлерімен, кітапханалармен және жастар ұйымдарымен бірлесе отырып, көптеген тәрбиелік және мәдени іс-шараларды жүзеге асыруда.

2025 жылғы 26 қыркүйекте Қарасай ауданында Отбасы күні аясында отбасылық құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы шығармашылық өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған облыстық конференция өткізілді.

(Жалғасы 3-бетте)

АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СӨЗ



ЕҢБЕГІ ЕЛІНЕ СІҢІРГЕН ЕР

Адамның ғұмыр жолын жылдар ғана өлшемейді. Оның өмірінің шынайы бағасы елге сіңірген еңбегімен, азаматтық болмысымен, артында қалдырған өнегесімен өлшенеді. Өйткені әр адамның мерейлі жылы-жай ғана мерейтойлық меже емес, тағдырдың талай белесін артқа тастап, өмірден көргені мен түйгенін ел игілігіне жарата білген азаматтың кемелдік биігі.

Осындай абыройлы жасқа еліміздің белгілі азаматы, генерал-лейтенант, мемлекеттік және әскери қайраткер, тарих ғылымдарының докторы, профессор, 2002 жылы Қорғаныс министрінің орынбасары, 2012-2021 жылдары Парламент Мәжілісінің депутаты болған, бұл күндері «Ардагерлер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары Абай Бөлекбайұлы Тасболатов та келіп отыр.

Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкеріне айналып отырған азаматымыз 1951 жылы 21 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Николаевка ауылында дүниеге келген екен.

Бүкіл ғұмыр жолын әскери бағытқа арнаған ол 1973 жылы Алматы жоғары жалпыәскерлік қолбасшылық мектебін тәмамдағаннан кейін 1980 жылға дейін сол жерде взвод, рота командирі болды.

1980 жылы М. В. Фрунзе атындағы Әскери академияға оқуға түсіп, 1983 жылы аяқтағаннан кейін 1991 жылға дейін Алматы жоғары жалпыәскерлік қолбасшылық мектебінде оқытушы, курсанттар батальонының командирі, тактика кафедрасының аға офицері болып еңбектенді.

1991–1992 жылдар аралығында Қазақстан Мемлекеттік қорғаныс комитеті жанындағы жоғары оқу орындары және әскерге дейінгі дайындық бөлімінің басшысы болса, одан кейінгі жылдары Алматы жоғары жалпыәскерлік қолбасшылық мектебінің және Қазақстан Қарулы Күштері Әскери академиясының басшысы болды.

Ал 2002 жылы Қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды.

2005 жылы Бүкілқазақстандық қоян-қолтық күрес Қауымдастығының президенті болып сайланғаны тағы бар. Одан кейін республикалық «Ұланның» бас қолбасшысы болып тағайындалды.

Абай Бөлекбайұлының ғылым саласында да өзі салып кеткен соқпағы бар. «Қазақстан Республикасында кәсіби кадрларды даярлау тарихы мемлекеттің қорғаныс функциясының теориясы мен практикасы контекстінде» атты тақырыпта жоба қорғап, тарих ғылымдарының докторы атанса, 1999 жылы Ресей Әскери ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі және профессоры атанғаны анық. Ал 2011 жылғы шілдеде Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі болып сайланды.

Сол жылы Орталық сайлау комиссиясының № 65/122 қаулысымен Парламент Мәжілісі 5-сайланымның депутаттығына үміткер болып, содан соң 2012 жылғы қаңтарда Орталық сайлау комиссиясының № 8/163 қаулысымен депутат болып тіркеліп, Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды.

2015 жылы Мәжіліс төрағасы Қабилла Жақыпов Тасболатовты төраға орынбасарлығына ұсынып, ұсынысты депутаттар бірауыздан қолдады. Нәтижесінде Тасболатов Мәжіліс төрағасының орынбасары атанды.

2016 жылы Орталық сайлау комиссиясының № 9/94 қаулысымен Парламент Мәжілісінің 6-сайланымның депутаттығына үміткер, ал бір айдан кейін депутат болып тіркелді.

Абай Бөлекбайұлының есімі елге қызмет ету, азаматтың жауапкершілік, үлкенге құрмет, кейінгі буынға қамқорлық ұғымдарымен сабақтасып жатады. Генерал деген атақтың өзінде үлкен жауапкершілік бар. Ал сол биіктікті өмір бойы абыроймен алып жүру адамның атағынан бұрын азаматтық тұлғасына байланысты.

Көп жылғы еңбегінің өтеуі болса керек, азаматтың омырауында II дәрежелі «Даңқ» ордені, III дәрежелі «КСРО Қарулы Күштері қатарындағы қызметі үшін» ордені мен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі жарқырайды. Спорт саласына сіңірген еңбегі үшін де алған «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт қайраткері» атағы тағы бар.

(Жалғасы 2-бетте)

ӘДІЛДІКТІ ӘСПЕТТЕГЕН АЗАМАТ

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңіс туы желбіреген жылдан бір жыл кейін дүние есігін ашқан Әбілбек Айтақынов, өмірдің жоқшылығын да, тоқшылығын да көріп өсті. Еңбекке ерте араласты. Соғыстан кейінгі бірінші жыл ауыл шаруашылығы үшін аса қиын болды. Ұсақ колхоздар негізінде жаңа совхоздарды ұйымдастыру қарқынды жүргізілді. Алтыншы сыныпта Әбекен трактор артына тіркелген соқаның үстінде отырып, жер қыртысының қалыпты жыртылуы міндетін атқарды. Тырмамен егістік жерін тегістеді, астық тұқымының тегіс себілуіне жауапты болды. Астық орғанда жүкші де болып, қай жұмысқа қол күші қажет болса, сонда маңдай терін төгіп, еңбек етті. 9-сыныпта бір жарым ай шопандардың ауылында жүріп, сақманшы да болды. Енесін еме алмайтын әлсіз қозыларды ауыздандырып, бозторғай шырылдаған таң бозаннан, күн ұясына батқан ымыртқа дейін тыным таппай жұмысқа жегілді. Сол кезде өзі көмекші болған шопан әр жүз саулықтан 115-тен қозы өргізді. Осындай еңбегі еленіп, Әбілбек Айтақынов алғаш рет Нарынқол аудандық комсомол комитетінің құрмет грамотасымен марапатталды.

Анасы Зылиха Куанышеваның ақилын ғындап, әрі қолқанат болып, әжесінің қойнында жатып, ертегілер тыңдап, тәлімді тәрбие алып өскен Әбекеннің келешегі келісті боларына ана жүрегі сезетін. «Болатын баланың бетін қақпа, белін бу»- деген ғой. Өмірден көргені мен көңілге түйгені көп Әбілбек онжылдықты орысша, үздік бітіріп, қияға қанат қатып жасқа да толды. Анасы көп жыл ауылдық кеңестің төрайымы болып қызмет атқарған, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 30 жылдығының құрметіне, социалистік құрылысқа белсенді қатысқаны үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Грамотасымен марапатталған, ауданға белделі азаматтардың бірі болды. Әбілбегін бұрын барып көрмеген қалаға оқуға жібергісі келмейді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» -демекші, аудандық оқу бөліміне барып, жағдайын айтып, Көмірші ауылындағы мектепке орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі деген бұйрықты алып келіпті. Сөйтіп алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған жас талап, келер жылы досы Марат Сақабаев екеуі Алматыдаға оқуға барып, Әбекен ҚазМУ-ға, досы ҚазПИ-ге оқуға түседі. Өйткені ол жоғары білімсіз биік белестерден көрінудің мүмкін еместігін жақсы түсінген еді.

Балалық шақтан ерте есейген ол, өзі өскен ортадан адал еңбек етуді, ел бірлігі мен заң үстемдігін жоғары қоюды, әрқашан тура сөйлеп, әділ шешім қабылдауды үйренді. Қоғамдық тәртіпті сақтап, басқалардың құқығын бұзбады. Әділдік орнаған жерде сенім мен тыныштық болатынын, өзгеге үлгі болса, ұлттың рухани дамуына, елдің экономикалық және әлеуметтік өсіп-өркендеуіне жол ашылауынын сезінген ол, кейін де әділдікті әспеттейтін азамат болып қалыптасуына негіз болды.

Өзіне етене таныс ауылдағы шөп шабу, қойды күпкіге салу, ки шығару сияқты жұмыстарды атқарды. Кешкісін жастар жиналып концерт қоятын. Аудандық газетке де мақала жазып, журналистік бейімімен де танылған Ә. Айтақынов аудандық партия комитетінің де назарына ілінеді. Сол кезде газет-журналдарға жарияланып жүрген мақалаларымен танылған Әбілбек Айтақыновты аудандық газеттің редакторы, тәжірибелі журналист Әліпнұр Мейірбеков тілші етіп, жұмысқа қабылдайды. Кейін сол редакторды өзіне ұстаз деп санап, оған арнайы «Патша көңілі ұстазым» деген көлемді танымдық мақала жазады. Көп кешікпей ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметіне дейін өседі. Ол кезде газетте танымал қаламгерлер Айтақын Әбдіқалұлы, Баққожа Мұқай, Сағат Әшімбаевтар да қызмет еткен болатын. Университте оқып жүргенде курстарастары Серік Тұрғынбек, Кеңшілік Мырзабеков, «сен пысық екенсің, бізге староста бол!» -деп оны староста сайлағаны бар.

1972 жылы Нарынқол аудандық комсомол комитеті жұмысқа шақырды. Редактор Әбекенді жібергісі келмеді. «Тек 20 күн семинарға барып, қатысып келеді»- деген сылтауды желеу етіп, аудандық комсомол комитетіне қызметке қабылданды. Жастар ұйымының екінші, кейін бірінші хатшысы болды. Жастармен жігерлі жұмыс жүргізген ол бұл лауазымда бес жыл қызмет етті. Бұл қызметте де, іскерлігімен көзге түсіп, БЛКЖО Орталық Комитетінің грамотасымен, кейін ұйымдастырушылық қабилеті мен біліктілігі ескеріліп, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ол кезде басқарушы кадрлар мен партия қызметкерлерін даярлайтын, олардың білімін көтеретін арнайы саяси оқу орны жоғарғы партия мектебі болды. Осы жоғарғы партия мектебінде оқыған Әбекен, ол жерде де белсенді, үздік тыңдаушы қатарынан көрінді. Жоғарғы партия мектебінің құрмет грамотасымен марапатталды.

● ШАҢЫРАҚ

Өнегелі отбасылардың тағылымды жолдары

Қонаев қалалық мәдениет үйінде Отбасы күніне орай қалалық ардагерлер мен аналар кеңесі, отбасын қолдау орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Алтын шаңырақ-күміс кереге махабатпен өткен өмір» атты іс-шара өтті. Мақсаты - отбасының береке-бірлігін нығайтып, қоғамдағы маңызын арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Мінберге шыққан Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов жиналған қауымды мерекелік шараның ашылуымен құттықтады. Бұл жиынын ұзақ жылдар бойы шаңырақтың береке-бірлігін сақтап келе жатқан өнегелі отбасылардың тағылымды жолын насихаттайтынын айта келе, олардың олардың тәжірибелері кей-



інгі буынға бағыт-бағдар болатынын атап өтті.

Сахна төрінде Асхат Еркекұлы маңызды басқосудың құрметті қонағы болып отырған Алпысбаевтар, Тойшыбаевтар, Рақышевтер, Омаровтар отбасыларына марапат табыстады.

Жиналған көпшілік назарына сахнада орнатылған кең экран арқылы аталған отбасылар жайлы бейнеүзінді ұсынылды. Олардың өмір жолына, отбасылық құндылықтарына назар

аударсақ, биыл Сүлейменовтер отбасы өздерінің отбасылық өмірлерінің 50 жылдығын атап өтуде. Берікбай мен Тұрымхан 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген. 22 немеренің сүйікті ата-әжесі.

Шаңырағынан өнер өріп, береке мен бірлігі тасыған өнегелі отбасылардың бірі- Рақышовтар отбасы. Бақыт Рақышұлы-заман талабына сай жаңа технологияларды меңгеріп, темірден түрлі бұйымдар жасап, темірге ою ойып, өз өнерін күнделік-



облыста үшінші орынды иеленді. Ауылдарды көркейтуге де үлкен үлес қосты. Жекешенің қолына өткен мәдениет үйін және екі ауыл клубын әкімшілік қарамағына қайтарып алды. Қараусыз қирап, бүлінген бала-бақша күрделі жөндеуден өткізілді. Сарыбұлақ, Ақтоған ауылдық клубтарды жаптырмай, көпшіліктің игілігіне асырды. Ауыз су құбырлары тартылды. Демеушілердің қолдауымен мешіт салынып, жамағатқа жағдай жасады.

Зейнетке шыққан соң, әкімшіліктің өтінішімен Шелек тарихи-өлкетану музейіне қор сақтаушысы болып істеп, көптеген жәдігерлермен қамтамасуы етілуіне мұрындық болды.

Ә.Айтақынов 2010 жылдан бері Шелек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, екі мәрте аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі, үш рет «Нұротан» партиясы аудандық бақылау комиссиясының төрағасы болып сайланды. Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ҚР журналистер одағы сыйлығының иегері. Райымбек, Кеген, және Еңбекшіқазақ ауданындарының Құрметті азаматы, Алматы облысының құрметті ардагері.

Сондай-ақ ҚР мемлекеттік мерекелік Астана-ның 10, 15, 20 жылдығы, ҚР Конституциясының 10, 20 жылдық медальдарымен марапатталған. Бұдан басқа комсомолға сіңірген және шекара қорғаудағы еңбегі үшін ҚР Әділет министрлігінің төс белгілерімен, үш мәрте ҚР Президентінің, екі мәрте «Нұротан», «Аманат» партиясы төрағаларының алғыс хаттарымен, үш мәрте Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, аудан, ауылдық округ әкімінің Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған. Тіпті ҚР кәсіподақ федерациясының, ҚР баспа және полиграфия істері комитетінің, ҚР журналистер одағының, Алматы облыстық мәдениет басқармасының және басқа да қоғамдық бірлестіктер басшыларынан алған бірнеше марапаттары бар-шылық.

Зейнет демалысына шыққаннан кейін жұбайы мен ұлы қайтыс болған соң, солардың атындағы «Алтынбек» шаруа қожалығын басқарып, мал шаруашылығын дамытуға үлес қосып келеді. Ауыл аймағындағы тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетіп, қайырымдылық шараларына де белсене араласады.

Әбекен шығармашылықпен де үзбей айналысып, баспасөз беттерінде өзіндік ізін қалдырды. «Егемен Қазақстан», «Лениншіл жас – жас Алаш», облыстық «Жетісу – Алатау арайы», «Алатау ардагері» және аудандық басылымдарда еңбек адамдары жайлы, тарих пен экология, табиғатты қорғау және адамгершілік, тәрбие тақырыптарына арнап көптеген мақалаларын жариялады. Сол сияқты «Ғасыр абыз», «Өміглі Әліпнұр Мейірбеков», «Тауына тартқан тұлға» сияқты жинақ кітаптарда әңгімелері, очерктері жарық көрді.

Бойындағы бар күш-жігерін, білімі мен білігін ел игілігіне жұмсап келе жатқан айтулы тұлғаға қандай жылы лебіз арнасаң да жарасады. Мен білетін Әбілбек Айтақынов-сексеннің сенгіріне шықса да, жемісті жылдарына қажырлы еңбегімен жеткен, елі құрметтеген тұлға.

Анарбек БЕРДІБАЕВ.
Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы.

ЕҢБЕГІ ЕЛІНЕ СІҢГЕН ЕР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Елге қызмет ету белгілі бір лауазыммен шектелмейді. Ол жүректегі ұстанымнан басталады. Қай қызметте жүрсе де елдің сөзін сөйлеп, халықтың мұң-мұқтажына құлақ тұру, қоғамның береке-бірлігін нығайтуға үлес қосу-азаматтың азаматтығын танытатын қасиет. Абай Бөлекбайұлының бүгінгі ардагерлер ұйымындағы қызметі де осы үлкен жауапкершіліктің жалғасы іспетті.

Ардагер — өткеннің ғана куәсі емес. Ардагер — елдің тарихи жадын сақтаушы, ұрпаққа бағыт-бағдар беруші тұлға. Сондықтан ардагерлер ұйымының жұмысы — кешегі күнді еске алумен ғана шектелмейтін, бүгінгі қоғамның бірлігі мен ертенгі ұрпақтың тәрбиесіне тікелей қатысы бар маңызды іс.

Бұл тұрғыдан алғанда Абай Бөлекбайұлының ардагерлер қозғалысындағы еңбегінің орны айрықша. Өйткені өмірдің талай белесінен өткен, ел басқару мен қоғамдық қызметтің жауапкершілігін жақсы білетін азамат ретінде ол аға буынның сөзін кейінгі ұрпаққа жеткізудің, ал жастарды ел тарихын құрметтеуге тәрбиелеудің маңызын терең түсінеді.

Жетпіс бес жыл — өткенге көз жіберетін жас. Бірақ бұл жасқа келген адамның ең үлкен байлығы — артында қалған іздері. Адамның атағы уақыт өте көмескіленуі мүмкін, қызметі ауысуы мүмкін, бірақ елге жасаған жақсылығы мен адамдардың жүрегінде қалдырған жылы сөзі өшпейді.

Абай Бөлекбайұлының азаматтық тұлғасына қарап отырып, бір нәрсеге көз жеткізесің. Елге адал қызмет ету дегеніміз үлкен мінберлерден сөз сөйлеу ғана емес. Ол — күнделікті тірлікте елдің мүддесін ойлау, азаматтардың мәселесіне бейжай қарамау, үлкеннің батасын, жастың талабын бағалау. Мұндай қасиет адамның жасына емес, жүрегіне байланысты.

Қазақ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Бұл сөз елге еңбегі сіңген азаматтардың ғұмырына арналғандай. Өйткені жақсы адамның өмір жолы өзімен бірге аяқталмайды. Оның өнегесі кейінгі буынға жалғасады. Оның айтқан сөзі, атқарған ісі, азаматтық ұстанымы ел жадында қалады.

Абай Бөлекбайұлының жетпіс бес жылдық ғұмыры да — ел тарихымен бірге өрілген тағдырлы жол. Бұл жолда азаматтың қалыптасуы, ел алдындағы жауапкершілігі, генералдық биікке көтерілуі, қоғамдық қызметтегі белсенділігі бар. Абай бүгінде ол өмірлік тәжірибесін ардагерлер қозғалысын дамытуға, аға буынның абыройын асқақтатуға, қоғамдағы ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға арнап келеді.

Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз — уақытты жалғау. Кешегі ерлікті бүгінгі ұрпаққа таныту, бүгінгі еңбекті ертеңгі ұрпаққа аманаттау. Осы сабақтастықтың үзілмеуіне ардагерлердің де, оларды ұйымдастырып, елдік мәселелерге жұмылдырып жүрген азаматтардың да еңбегі зор.

Абай Бөлекбайұлының 75 жылдық мерейтойы — бір адамның ғана қуанышы емес, оның өмір жолын бағалайтын ел-жұрттың да мерейлі сәті. Бұл — елге қызмет еткен азаматқа көрсетілген құрмет, аға буынға деген ізет, өткен өмірге деген тағзым.

Адам ғұмырының ұзақтығы жылмен есептеледі. Ал оның қадірі елге жасаған қызметімен өлшенеді. Жетпіс бес жас-бел ортаны емес, биікті бағындырған кемел шақ. Алдында әлі де атқарар іс, айтар сөз, берер ақыл бар.

Ендеше, елге еңбегі сіңген ардақты азамат, генерал-лейтенант Абай Бөлекбайұлы Тасболатовты 75 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбасына аمانдық, абыройлы қызметіне толайым табыс тілейміз!

Еліне қызмет еткен ердің еңсесі биік, ғибратты ғұмыры ұрпаққа өнеге болғай. Мерейлі жасыңыз құтты болсын, Абай Бөлекбайұлы!

СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы.

осы қалада ішкі істер органдарында табан аудармай қызмет атқарғанын, халқымыздың біртуар перзенті Д. Қонаев есімін еншілеген шаһардың күннен күнге ажары айшықталып келе жатқанын мақтанышпен жеткізген ол бүгінгі жоғары деңгейде өтіп жатқан шараның ұйымдастырушыларына ризашылығын жеткізді.

Тойшыбаевтар отбасы бес ұл өсіріп, 17 немере тәрбиелеп отыр. Ізтілеу Тойшыбайұлы - құрылысшы, публицист, ақын, Қонаев қаласы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы. Өз кезегінде сөз алған ол биыл зайыбы Галина Қабамбайқызымен шаңырақ көтергендеріне биыл 50 жыл толып отырғанына жұртшылықтың назарын аударды.

Омаровтар отбасының негізін қалаушы-Омаров Батырхан мен Зылейка Ерғалиқызы. Олардың бірі дәрігер, бірі-мұғалім.

Отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналған салтанатты шара әрі қарағи көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын концерттік бағдарламаға жалғасты.

Өз тілшімізден,
Қонаев қаласы

«АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Бұл басқосу отбасы институтының қоғамдағы маңызын арттыруға, аға буынның тәжірибесін жастар тәрбиесіне пайдалануға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған маңызды алаң болды.

Бүгінгі күні «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің мүшелері мектептермен және жастар ұйымдарымен бірлесіп, әсіресе қыз балалардың ұлттық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуде.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» деген ұстаным негізінде қазақ қызына тән инабаттылық, әдептілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ұқыптылық, білімге құштарлық сияқты асыл қасиеттерді дәріптеу мақсатында кездесулер ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар «Ақ орамал – асыл ананың аманаты» жобасы арқылы ақ жаулықтың қазақ дүниетанымындағы қасиетті орны мен аналық мәртебе дәріптелуде.

«Берекеді отбасы» байқауы арқылы отбасы мүшелерінің өзара сыйласығы мен бірлігі дәріптелсе, «Абысын тату болса – ас көп» тақырыбындағы келіндер сайыстары арқылы қазақ отбасындағы келін тәрбиесі, абысындар арасындағы татулық, үлкенге құрмет көрсету дәстүрлері насихатталуда.

Бірлестік тек салт-дәстүрмен шектелмейді. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелер саналған жастар арасындағы лудомания, нашақорлық, зиянды әдеттер, діни фанатизм мен жат ағымдардың алдын алу бағытында да жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен бірге «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» жобасының жеті басым бағыты кеңінен талқыланды.

Бұл жеті бағыт бір-бірімен тығыз байланысты. Барлығының түпкі мақсаты – рухы мықты, саналы, білімді, отаншыл және жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптастыру.

Сол секілді отбасы құндылығы мен руханиятты дәріптеу, салт-дәстер мен қыз баланың тәрбиесі, «Салт-дәстүрім-қазынам», «Тұсаукесер» дәстүрі бағыттарында облыстың әр аудандарында маңызды жұмыстар атқарылып, отбасының адам өміріндегі орны, ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынас мәселелері кеңінен талқыланды.

Солардың бір-екеуіне тоқтала кетейін. Биылғы жылғы 14 мамырда Ұмтыл ауылдық округінің ардагерлері мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұзын шаш – ұлт көркі» атты қыздар арасындағы сұлулық және өнер байқауы өтсе, 28 мамырда Іле ауданы Қараой ауылдық округінің мәдениет үйінде «Шуағын шашқан әжелер» атты сайыс өтті.

Бұл сайыстың басты мақсаты халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін қайта жаңғырту, ақ жаулықты әжелеріміздің қоғамдағы мәртебесін көтеру және олардың өнегелі өмірін жастарға үлгі ету болды. Сол секілді 26 мамырда Есік қаласындағы Гуманитарлық-педагогикалық колледжде «Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді» тақырыбында іс-шара өтті. Бұл кездесудің басты тақырыбы – қазақ отбасындағы қыз баланың тәрбиесі.

27 сәуірде Талғар қаласындағы И.Ф. Халипов атындағы №1 орта мектептің қыздарымен «Қыздарға әсемдік жарасады»

тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Бүгінгі жасөспірімдер бұрынғыдан өзгеше ақпараттық ортада өсіп келеді. Әлеуметтік желілерде пайдалы ақпаратпен бірге теріс ықпал ететін дүниелер де аз емес.

Сондықтан кездесудің басты мақсаты – қыздарды әлеуметтік желілерде белең алып отырған жат қылықтардан, әлімжеттіліктен, дөрекілік пен жағымсыз әрекеттерден қорғау болды.

Таяуда ғана Еңбекшіқазақ ауданында отбасы құндылықтары, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы шығармашылық байланысты нығайтуға бағытталған кеңес отырысы өткізілді.

Отырыста қазақ халқының «Қыз ұзату» дәстүрі көрсетілді. Қыз ұзату – ата-бабамыздан жалғасқан мағыналы салт. Оның әрбір рәсімінде ата-ананың ақ тілегі, туған үйдің тәрбиесі, жаңа шаңыраққа деген құрмет жатыр.

Сондықтан мұндай дәстүрлерді сахналап қана қоймай, оның мағынасын жас ұрпаққа түсіндіру – аса маңызды.

«Асыл ана» қоғамдық бірлестіктерінің әрбір ісі – ұлттық тәрбиенің бір бөлшегі, әрбір кездесуі – ұрпаққа берілген тағылым, әрбір ананың ақылы – жастарға қалдырылған аманат.

Алдағы уақытта да аудан-қалалардағы «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері ардагерлер ұйымдарымен, мектептермен, колледждермен, кітапханалармен, мәдениет ошақтарымен және жастар ұйымдарымен бірлесе отырып, ұлттық тәрбие бағытындағы жұмыстарын жалғастыра береді деп сенеміз.

«Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің игі бастамалары жалғасын тауып, әрбір атқарылған іс жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік, санасына ұлттық рух, бойына адамгершілік дарыта берсін!

Ұ.БАРХИНОВА,
Қарасай аудандық
«Асыл ана» қоғамдық
бірлестігінің төрайымы

ҰЛТТЫҢ ӨШПЕС ІЗІ

Тіл – халықтың рухани қазынасы, ұлттың болмысын айқындайтын баға жетпес мұрасы. Ана тілін ардақтау – өткенді құрметтеп, болашаққа аманат қалдыру. Осы мақсатта мектебімізде тілдер мерекесіне орай «Тіл – ұлттың өшпес ізі» тақырыбында мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тілге арналған шаралар

Мерекелік апталық «Бір шаңырақ астында – бір тілге құрмет» ұранымен басталып, оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған «Қазақша сөйлейік!» челленджімен жалғасты. Оқушылар ана тілінде еркін сөйлеп, тілге деген құрметін өз өнерлері арқылы көрсетті.

Кітапхана төрінде «Тіл – ұлттың тірлігінің айғағы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларды рухани құндылықтарды оқуға, тіл мен әдебиетті терең тануға шақырды.


Сонымен қатар, «Тіл мен тарих: ғасырлар ізінен» атты тарихи-танымдық квест-сайыс өткізіліп, оқушылар

тақырыбындағы қабырға газеттерінен де көрініс тапты. Әр сынып өз шығармашылығын танытып, тілге деген құрметін ерекше безендірулер арқылы жеткізді. Спорттық бағыттағы шаралар да назардан тыс қалмай, Мемлекеттік тілдер күніне орай спорттық шаралар өткізілді.

Айлық аясында «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында сайыс сабақ ұйымдастырылып, оқушылар бірнеше тілдің үндестігін, тіл арқылы түрлі мәдениеттердің жақындасатынын көрсетті. Сондай-ақ «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік тірегі» тақырыбында зияткерлік сайыстар өткізіліп, жас ұрпаққа мемлекеттік тілдің маңыздылығы кеңінен насихатталды. Осындай тағылымды шаралар арқылы оқушылар тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтайтын рухани көпір екенін терең сезінді.

Тіл бар жерде ұлт бар. Тілге құрмет бар жерде елдің ертеңіне деген сенім бар. Сондықтан ана тілімізді дәріптеу – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Ұлттың өшпес ізі болып қалған қасиетті тілімізді көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманаттау – бүгінгі ұрпақтың басты міндеті. Тілге тағзым – ұлтқа тағзым. Тіл – ұлттың жүріп өткен жолын, тарихын, салт-дәстүрін, рухын бойына сіңірген қасиетті қазына. Оны дәріптеу – бір күндік мерекемен шектелмейтін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын ұлы міндет. Осы орайда №12 орта мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткен тілдер мерекесіне арналған мазмұнды да мағыналы, тәрбиелік мәні жоғары, жан-жақты іс-шаралар маңызы жоғары болды.

Таңшолпан БЕКЕТҚЫЗЫ,
№12 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.



өз білімдерін сынады. «Тілім менің – тірегім», «Қазақшаңыз қалай балақай?» тақырыптарындағы мәнерлеп оқу шаралары бастауыш сынып оқушыларының тілге деген сүйіспеншілігін арттырды.

Өнерлі оқушылар үшін «Тілден асқан жүйрік жоқ» атты сурет сайысы ұйымдастырылып, жас ұрпақ тіл туралы түсінігін бояу мен қиял арқылы жеткізді. Ал «Тіл – халық мұрасы» атты интеллектуалды «КвизУм» ойыны оқушылардың білімін шыңдап, тапқырлық пен жылдам ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.

Тілдің достық пен бірлікті нығайтатын күдіреті «Тіл – достықтың кілті»

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ – МӘРІМКАН ӘЖЕ

Адам баласының басынан өткерген әрбір тағдыры – тарихтың бір үзігі. Ал ғасырға жуық ғұмыр кешіп, тоқсанның бесеуіне аяқ басу – кез келген жанға бұйыра бермейтін сирек бақ, үлкен мәртебе. Бүгінде ауылдың ұйытқысы, әулеттің алтын дінгегіне айналған, ғұмыры ғибратқа толы ғасыр жасаған Мәрімқан әженің өмір жолы-төзімділік пен парасаттың, адал еңбек пен сабырдың шынайы шежіресі. Айтуға оңай болғанымен осыншама жыл өмір сүріп, өмірдің ыстығы мен суығына көніп, ауыры мен қиындығына төзіп, жақсылығы мен жамандығына төтеп беру тек Алланың сүйікті құлына ғана берілетін бақыт болар.

Текті ананың ожет қызы

Мәрімқан әженің балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Жастайынан әкесі Таңжарықтың кіндігінен жалғыз қалған әжеміз жетімдіктің ащы зарын тартып өскендіктен ерте есейді. Өмірдің сокқысын, тағдырын тәлкегін белі бекімеген қыз қаскайып тұрып қарсы алды. Бұл ретте кейуананың бойындағы қайсар мінездің тектен дарығанын айта кеткен жөн болар. Себебі оның анасы Ұят апамыз ел басына күн туған, жер бетіндегі ең ауыр 1941-1945 жылдардағы соғыста қазақ әйелдерінің ішінен суырылғып шығып, ауыр КТЗ темір шынжырлы тракторын тізгіндеген батыр аналардың бірі болған. Ер азаматтар игере бермейтін трактордың құлағында ойнап, соғысты жақындатуға үлес қосқан батыр анадан әрине батыр қыз туылуы заңдылық шығар. Анасына еріп, егіндікте таңның атысынан кештің батысына дейін бел жазбай еңбек еткен Мәрімқан әже де күннің аптабы мен суығына қарамай, маңдай терін төгіп, бойына төзімділік пен еңбекқорлықты дарытты. Адал еңбек деген түсінік оның бойына бала кезден-ақ қалыптасты, сүйегіне сіңді.

Берекелі шаңырақтың ұйытқысы

Небәрі 15-16 жасында туысын паналап барып, келін болып босаға аттаған ақ жаулықты әжеміз түскен жеріне судай сіңіп, берекелі шаңырақтың ұйытқысына айналды. Оның бәрі-тәрбиенің, анасынан алған өнегелің арқасы. Жан жары Жексембек атамыздың атағы ауданда дүркіреп тұрған кездер өткен. Көз көргендер ол кісінің батылдығын, мергендігін, аңшылығын жыр қылып айтып отырады. Қолынан келсе мұқтаж

жандарға көмегін беріп, қиын-қыстау заманда ауылдағы жетім-жесірлерге қамқор болып, қол ұшын созған, адал еңбегімен ел арасында «Ер» атанған. Осындай бағыр жүректі адамның жары да жай болуы мүмкін емес. Атамыздың барлық жағдайын жасап, келген қонағын құрақ ұшып қарсы алып, қабақ шытпай шаңырақтың шырайын кіргізген әжеміздің пейілі мен ниетінің актығынан болар жүзге аяқ басқаны. Өнегелі отбасын құрып, өрелі ұрпақ өсіріп, ешкімге қиянат жасамай, адал еңбегінің жемісін көріп отырған бақытты әже.

Осы отбасында дүниеге келген Рысты - Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының физика факультетін бітіріп, ауданымыздағы Сүмбе, Ақтам, Кіші Дихан, Шонжы ауылдарындағы мектептерде ұстаз, кейіннен мектеп директорының орынбасары қызметтерін адал атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Жолдасы Тохтар екеуі үш ұл, екі қызға өмір сыйлап, олардан немере - шөбере көрген асыл жандар. Ал, Мәрімқан апайдың ұлы Дәукен биыл 70 деген мерейлі жасқа толып отыр. Дәукен Шонжы ауылындағы орта мектепті бітірген соң, 1974 - 1976 жылдары сол кездегі тәртіп бойынша Отан алдындағы борышын Украина жерінде абыроймен атқарған. Әскерден елге оралған соң 1976 - 1984 жылдары Ленин атындағы колхозда механизатор болып істесе, 1984 - 2008 жылдары аудандағы астық қабылдау мекемесінде істеген. 2008 - 2019 жылдары аудандық кітапханада күзетші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Кәдімгі қарапайым еңбек адамы, қай жерде жұмыс істесе де жұмысын адал атқарып, абырой биіктерден көріне білген азамат. Еңбек ардагері. Дәукеннің жұбайы Сарсенбаева Ұлбо

сын да мерейлі 70 жасын тойлағалы отыр. Ұлбосын 1974 - 1978 жылдары Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, 1979 - 2016 жылдары Шонжыдағы Ж.Құдайбергенов атындағы орта мектепте ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеп, зейнеткерлікке шыққан. « Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. 2018 жылы Қазақ педагогикалық институтының 90 жылдығына орай, арнайы мерекелік медальмен марапатталған. Дәукен мен Ұлбосындай тәрбиелі, адал жандардың ұрпақтары Жазира - Қазақтың Аль-Фараби атындағы ұлттық университетінің филология факультетін бітірген, филология магистрі, Назира - Жаркент педагогикалық колледжын және Алматыдағы Үздіксіз білім беру университетін, Үміт - Алматыдағы қыздар педагогикалық университетін, Перизат - Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясын бітірген. Барлығы да отбасылы, өз мамандықтары бойынша қызмет етуде.

Босағасынан қонақ арылмаған шаңырақ

Қазіргідей бай-қуатты заман болмаса да сол дәуірдің адамдарында береке болатын. Үйіне келген қонағына өзі жемесе де бар жақсысын ұсынып, риза етіп шығарып салу қазақтың қанында бар қасиет-ау. Ал енді малды ауылдағы шопанның қазаны қашан да қайнаулы. Бәрі емес шығар, дегенмен ұқыпты, кеңпейілділерінің дастарқаны жиылмайтын. Бұл шаңырақтың есігінен ешқашан қонақ үзілген емес. Малды ауылға келген аудан бастықтары да, дәрігерлер де, концерт қойып барған әртістері де, алыс-жақыннан жолы түскен жолаушылар да ең әуелі Жексембек атамыздың қарашаңырағына түседі екен. Өйткені қолы дәмді Мәрімқан әженің пісірген тамағы мен бауырсағына жететін тағам болмайтын көрінеді. Дастарқанынан сары майы мен дәмді құрты, баптаған ірімшігі үзілмейтін ақ әжеміз келген қонақты құрақ ұша қарсы алып, шығарып саларда дорбалатып сары майы мен ірімшік-қуртын ұстатып жіберетін мінезге ие екен. Пейілі жақсы адамға Құдай да үйіп-төгіп бере салады ғой. Қолы ашық, мейірімі мол әжеміздің осы

бір жомарттығы бүкіл ауылдастарының есінде әлі күнге сақтаулы. Үлкендер жағы, аға буын өкілдері әжеміздің мәрттігін жыр қылып айтып отыратынына куәміз.

Төрдің көркі мен үйдің берекесі

Бүгінде Мәрімқан әже өз ауылдастары мен ел-жұртына сыйлы, бала-шағасы мен немере-шөберелерінің ортасында құрмет пен ыстық махаббатқа бөленіп отырған сүйегі асыл жан. Сөзден жаңылмаған, қимыл-әрекеті ширақ. Өзінің басып өткен өмір жолы бір дәуір ұрпағына өнеге боларлықтай. Өткен өміріне байыппен қарап, бастан кешкен тәжірибесін ұрпағының санасына өнеге етіп құятын данышпан қария. Бойдан қуат кетіп, қатарластардың көбі мәңгілік мекендерін тұрақ еткенде жасып қалатыны бар. Өңгіме айтатын, өткендерін естеріне түсіріп отыратын құрдастарының жоқтығы жанына батады. Сондай сәттерде «Шіркін, жастық шағым-ай» деп күрсінетіні бар. Бір ғасырға жуық уақытты артқа тастап, қоғамның өтпелі, ауыспалы кезеңдерін басынан өткеріп, қызығы мен қиындығы бірге жүретін өмірдің әр сәті көз алдында, жадында сақтаулы. Қиялға беріліп, жастық шағына саяхат жасағанда үнсіздік деген тылсымға бой ұрады.

Мәрімхан әже мен Жексембек атаның ұлы Дәукен мен келіні Ұлбосын ұрпақтарына сапалы білім берумен қатар өнегелі тәрбие бере білген ұлағатты ата - ана. Бұл отбасы 2023 жылдан бастап облыс зейнеткерлеріне арналған «Алатау ардагері» газетінің 2024 жылдан тұрақты оқырмандары. Өздерімен бірге достарының да аталған газеттің оқырмандары болуларына атсалысуда.

Сондықтан да аудандық ардагерлер ұйымы тыл және еңбек ардагері Есенғұлова Мәрімқан апайды 95, ал Дәукен мен Ұлбосынды 70 жастық мерейтойларымен құттықтай отырып, оларға бақытты ғұмыр тілейді. Ғасырға жуық ғұмыр кешкен, жай ғана өмір емес ауыртпалығы мен кедергілерін бұзып, жарған – Мәрімқан әже бүгінгі таңда ұрпағына бейбіт күннің қадірін ұғындырып, ақылын айтып ортамызда жүрген асылдың сынығы, тарихтың тірі шежіресі. Тоқсанның бесеуіне жеткен әжемізге ризықты, салиқалы, несібелі күндердің көбірек болуын тілейміз.

Бақытгүл СПАТАЕВА.

● **БОКС**

Спорт – жас ұрпақты тәртіпке, табандылыққа және жігерлілікке тәрбиелейтін маңызды құралдың бірі. Әсіресе, бокс секілді күш пен төзімділікті ғана емес, жоғары жауапкершілік пен мықты мінезді талап ететін спорт түрін жастар арасында кеңінен насихаттаудың маңызы зор. Осы бағыттағы жұмыстардың жалғасы ретінде ауданымызда жасөспірімдер арасында бокстан облыстық чемпионат өз мәресіне жетті.



Облыстық бәсеке мәресіне жетті

Райымбек аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Алматы облысының былғары қолғапты серік еткен жас спортшылары бас қосқан чемпионаттың салтанатты ашылу рәсімі өткен болатын. Жарыстың ашылу салтанатына ауданы әкімінің орынбасары Бауыржан Садықов, Райымбек ауданының коммуналдық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Динара Акимханова және «Бұқаралық спорт клубы» КММ-нің бас маманы Ұлан Рахымғалиев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Биылғы чемпионатқа облыстың 12 командасынан 204 спортшы қатысты. Шаршы алаңда 2011-2012 жылдары туған жасөспірімдер түрлі салмақ дәрежелері бойынша бақ сынады. Бірнеше күнге созылған тартысты чемпионатта барлығы 15 алтын, 15 күміс және 30 қола медаль, жалпы 60 жүлде сарапқа салынды.

Былғары қолғап бәсекесінде

“Жігер” мамандандырылған спорт мектебінің командасы 2 алтын, 3 күміс, 5 қола медальмен барлығы 10 жүлде иеленіп, 1 орынды қоржындарына байлады. “Жекпе-жек” мамандандырылған спорт мектебі командасының қоржынында 3 алтын, 2 күміс, 3 қола, барлығы 8 медаль иеленіп, 2 орынға жайғасты. Ал Еңбекшіқазақ ауданының командасы 2 алтын, 4 күміс, 5 қола медальмен жалпы 11 жүлде еншілеп, жүлделі 3 орынға ие болды. Талғар ауданы командасы 2 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль алса, Қарасай ауданының спортшылары 2 алтын және 2 қола медальға ие болды. Іле ауданы командасы 1 алтын, 4 күміс және 2 қола жүлде жеңіп алды. Кеген ауданының жас боксшылары 1 алтын және 1 күміс медаль иеленді. Сонымен қатар, Райымбек ауданының командасы 1 алтын, 1 қола, Жамбыл ауданы командасы 5 қола, Қонаев қаласының спортшылар командасы 3 қола, ал Балқаш ауданы командасы 1 қола медаль иеленіп,

облыстық чемпионатты нәтижелі қорытындылады.

Облыстық чемпионатта ауданымыздың намысын қорғап, жеңіс туын көтерген Бекбосын Алихан 44 кг салмақта 1 орынды қанжығасына байлап, алтын иеленсе, Мақсатұлы Батыр 63 кг салмақта 3 орынды иеленіп, қола жүлдеге ие болды. Жасөспірім шағында өз қатарластарынан оза шапқан қос жеңімпаздың болашағынан аудан тұрғындары зор үміт күтеді.

Жарыс барысында жас былғары қолғап шеберлері өздерінің физикалық дайындығы мен техникалық шеберлігін көрсетіп, жеңіс үшін бар күш-жігерін салды. Бұл чемпионат – жас спортшылардың тәжірибе жинақтап, өз мүмкіндіктерін сынауына және болашақта биік белестерді бағындыруына жол ашқан маңызды дода ретінде тарих беттерінде қалмақ.

Акерке БИЖАН.
Нарынқол ауылы.

● **БӘРЕКЕЛДІ!**

Астанада алтын медальмен оралды

Бүгінгі күні салауатты өмір салтын қалыптастыруға баса көңіл бөлініп отырғаны халықтың оған деген сүйіспеншілігі мен ынтызарлығын одан әрі арттырғаны ерекше қуанта түседі. Бұл бағытта спорт саласындағы қолға алынып жатқан іс-шаралар мен түрлі жұмыстардың ауқымы айтарлықтай кеңейіп барады. Оның беріп отырған нәтижесі де ауызға аларлық деңгейде болып отыр. Оған келтірер дәлелдер де жетерлік.



Ауданның Бекболат ауылында тұратын Бұлар Мирманов бала кезінен бастап спорттың жүгіру мен суға жүзу түрлерін жанына жақын серік етіп, солардың соңына түскен еді. 80 жастың сенгірінен асқан ол күні бүгінге дейін осы кәсіптерінен қол үзбей келеді. Таңның атысынан үш шақырым жерге дейін жүгіру, аудан орталығындағы «Дельфин» суға жүзу бассейнінде күнделікті жаттығу жасап тұру ол үшін қалыптасқан дәстүрге айналып кеткен. Оның нәтижесі де жаман емес. Бұлар Алматайұлы жүгіру мен суға жүзуден өтіп тұратын аудандық, облыстық, республикалық жарыстарда оның мерейі әрдайым үстем болып, алтын, күміс, қола жүлделеріне ие болып, жеңімпаз атанып келеді. Омырауы толған жеңімпаздығының төсбелгілері.

Бұлар Мирманов өткен аптада Астана қаласында Қазақ Ұлттық спорт университетінің спорт ке-

шенінде өткен спорттық суға жүзуден «Мастерс» санаты бойынша Қазақстан Республикасының Сегізінші Ашық чемпионатына қатынасып, тағы табандылығымен, суға жүздеуге ерекше шеберлігімен олжалы болып оралды. Ол небір суға жүзудің шеберлерінен дараланып шығып, 1500 метрлік айналымнан жеңімпаз атанып, көш бастады. Жарыс қорытындысында бірінші орынды иеленіп, чемпионаттың алтын медальын алып қайтты. Сөйтіп, ол зор абырой аркалап, аудан мәртебесін тағы да көтеріп тастады. Аудан халқының да қуанышында шек жоқ.

80 жастан асып отырған Бұлар Алматайұлы Мирмановты осынау орасан жеңісімен қуана құттықтай отырып, оған дәйім жеңістер тілейміз!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
ардагер-журналист.
Бекболат ауылы,
Қарасай ауданы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Өндірістік бақылауды жүргізу талаптары

Өндірістік бақылау – объектілерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін маңызды шаралардың бірі. Оның негізгі мақсаты – адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін факторлардың алдын алу және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету.

Өндірістік бақылауды заңнама талаптарына сәйкес жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ұйымдастырады. Бақылау барысында жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы, өндірістік орта факторлары, ауызсу сапасы, санитариялық жағдай және басқа да көрсеткіштер бағаланады.

Өндірістік бақылау бағдарламасы әзірленіп, онда бақылауға жататын объектілер, зертханалық зерттеулердің түрлері мен мерзімділігі, жауапты тұлғалар және жүргізілетін іс-шаралар белгіленеді. Қажет болған жағдайда ауа, су, топырақ және басқа да факторларға зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізіледі.

Бақылау нәтижелері тиісті құжаттарда тіркеліп, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдануы тиіс. Өндірістік бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуы кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығын қорғауға, кәсіптік аурулардың алдын алуға және санитариялық-эпидемиологиялық қолайсыз жағдайлардың туындау қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Әрбір кәсіпкер мен ұйым басшысы өндірістік бақылауды формалды түрде емес, адам денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастыруы қажет.

Санитариялық талаптарды сақтау – қауіпсіз өндіріс пен халық денсаулығының кепілі!

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Туберкулез ауруы бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қонаев қаласы бойынша 2026 жылдың 8 айында туберкулез ауруының 17 жағдайы тіркелген. Бұл ауру оңай жұғатындықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша әлемде күн сайын 9 миллионға жуық туберкулезге шалдыққан және 2



миллионға таяу одан көз жұмған көрсеткіштер тіркелуде. Соған қарамастан, әр аймақтың денсаулық сақтау саласында қызмет ететін медициналық ұйымдарының бірлескен жұмысының арқасында туберкулезден туындайтын ауру-сырқаушылықтан болатын өлім-жітімнің деңгейі біршама төмендеді.

Туберкулез – әртүрлі ағзаларды зақымдайтын, көбіне өкпеде орнығып ағзаның улануымен, клиникалық көрінулер полиморфизмімен сипаттала-тын, толқын тәрізді созылмалы дерт. Тырнақтар-

мен шаштан басқа адам ағзаларын зақымдап, туберкулездің өкпеден тыс түрлерінің дамуы мүмкін.

Туберкулезге қарсы күрес шараларына қарамастан ол қазіргі заманда денсаулық сақтау саласының шешуі қиын мәселесі болып табылады, туберкулезбен ауру сырқаушылық одан болатын өлім деңгейі жоғары болып қалууда. Ол орны толмас тәндік, моральдық, әлеуметтік және экономикалық нұқсан келтіруде.

Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас, оның қақырығы мен туберкулез таяқшалары бөлінеді. Қақырықты еденге немесе жерге қақырғанда, ол шаңмен араласады. Осы шаңмен тыныс алғанда дені сау адамға бактерия жұғады. Туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас емделмесе жылына орта есеппен 10-15 адамға туберкулез дертін жұқтыру мүмкін. Алайда, инфекция жұқтырғандардың бәрі бірдей туберкулезбен ауырмайды, атап айтқанда, им-мундық жүйе нашарласа адамның туберкулезбен ауру ықтималдылығы жоғарылайды. Туберкулез бактериялары сыртқы ортада үлкен төзімділікпен ерекшелінеді: көше шаңында 10 күнге дейін, кітап парақтарында үш айға дейін, науқас киімінде және ішкі киімінде 3-4 айға дейін, ал қарда өте ұзақ уақыт олардың өміршеңдігі сақталады. Сонымен қатар жоғары температураға өте сезімтал КОХ таяқшаларына хлорды белсенді бөлетін заттар өте зор әсер етеді, сондықтан дезинфекция үшін жиі хлорамин, хлор извесі қолданылады. Құрамында туберкулез таяқшалары бар шикі сүт және сүт қолданғанда, сондай-ақ ауру жануарларды күтіп баққанда адам туберкулезбен ауруы мүмкін. Көптеген адамдар ғұмыр бойына туберкулез бактери-

яларын жұқтыруы мүмкін, бірақ бұл адамдардың кейбір бөлігінде ғана дерт дамиды.

Туберкулезге шалдыққан кезде бұл маңызды дерттің дамуына және ауыр өтуіне ықпал ететін бір қатар факторлары бар:

- әлеуметтік-тұрмыстық орта;
- құнарлы тамақтанбау;
- психологиялық күйзелістер; -қосарлана дамыған дерттер (қант диабеті, ойық жара ауру, өкпенің созылмалы спецификалық емес дерттер, ВИЧ/СПИД);
- зиянды әдеттер (алкоголь, темекі шегушілік, нашакорлық)

Туберкулездің негізгі белгілері:
 –екі апта бойы жөтелу
 – түнде терлеу, дененің қызуы 37,00 С – 37,50 С көтерілуі

- тәбетінің жоғалуы
- жүдеу, жалпы әлсіздік
- қажышаршау
- кеуде клеткасының шаншуы, қан түкіру.

Салауатты өмір салты – құнарлы тамақтану (тамаққа етті, сүт өнімдерін, балықты, дәмді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді жеткілікті мөлшерде қолдану), үнемі дене шынықтырумен айналысу, жақсы демалу, салауатты қоршаған орта, темекі шегуден, алкогольден, есірткіден бас тарту.

Туберкулезді дер кезінде, уақыттымен диагностикалық және емдеудің толық курсы аяқталғанға дейін емдету.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы